

**Шарт**  
**ақылы медициналық қызметтерді көрсетуге**  
**(КР АК 387, 389 баптарина сәйкес жасалған)**  
**(Типтік нысаны)**

Оскемен

к.

Осы медициналық қызметтерді көрсету шарты, әрі қарай "Медициналық орталық" деп аталатын, 27.11.2017 жылғы №17020242 мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет ететін «OpClinic International vostok» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, және екінші тарабынан әрі қарай "Пациент" деп аталатын пациент,

пациенттің мүддесінде әрекет ететін заңды өкілі, бірлесіп "Тараптар" деп аталатындардың арасындағы катынастарды реттейтін көпшілік шарт және қосылу шарты болып табылады.

## 1. ШАРТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шартқа сәйкес Медициналық Орталық Пациентке ақылы негізінде Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген диагностика, профилактика және емдеу әдістеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін медициналық қызметтерді көрсетуге міндеттенеді. Осы Шартқа сәйкес Пациент көрсетілетін медициналық қызметтердің (әрі қарай - "Қызметтер") құнын уақытылы төлеуге, сондай-ақ Қызметтердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ететін Медициналық Орталықтың талаптарын орындауға, оған қоса осы үшін қажетті мәліметтерді уақытылы хабарлауға міндеттенеді.

1.2. Пациентке көрсетілетін Қызметтердің тізбесі және құны Медициналық Орталықтың қолданыстағы Прейスクруантында ескертіледі. Медициналық көрсетімдер бойынша және/немесе Пациенттің келісімімен оған өзге де қызметтер көрсетілу мүмкін, олардың құнын Медициналық Орталық Пациентпен (немесе оның заңды өкілімен) қосымша келісіп алады.

1.3. Осы Шартты орындаған кезде Тараптар сонымен қатар Қазақстан Республикасының медициналық мекемелердің халықта ақылы медициналық қызметтерді көрсетуін реттейтін қолданыстағы заңнамасын басшылықта алады.

1.4. Осы шарттың талаптары Медициналық Орталыққа медициналық көмек алу үшін жүргінген барлық тұлғалар үшін бірыңғай болып табылады. Осы Шарттың талаптары Пациенттің бастамасы бойынша өзгертуінде жатпайды және Пациент оларды осы Құжат қай түрде берілген, сол түрде сөзсіз қабылдайды.

1.5. Осы Шарт көпшілік оферта болып табылады. Осы шартқа КР АК 387-бабының талаптары (Көпшілік шарт) және КР АК 389-бабының талаптары (Қосылу шарты) қолданылады. Осы Шарттың талаптары Медициналық орталықтың барлық Пациенттері үшін бірыңғай болып табылады.

1.6. Пациент қол қойған Шартқа қосылу туралы Мәлімдеме оферта акцепті және осы шартқа қосылу фактісі болып табылады.

## 2. ЖАЛПЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

2.1. Медициналық Орталық осы шарт бойынша қызметтерді Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Фабдуллин көшесі 94А мекен-жайы бойынша орналасқан Медициналық Орталықтың орынжайында көрсетеді.

2.2. Медициналық Орталық осы шарт бойынша қызметтерді Медициналық Орталықтың әкімшілігі белгілейтін және Пациентке тіркеу орнының ақпарат тақтасында орналастыру жолымен жария болатын жұмыс күндерінде мен сағаттарында көрсетеді.

2.3. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету Пациенттің қабылдауга алдын ала жазылуы тәртібімен болады. Пациенттің қабылдауга алдын ала жазылуын Пациенттің жеке өзі бірыңғай жазылу қызметі - Медициналық Орталықтың байланыс-орталығы арқылы, немесе телефон, факсимильдік және өзге де байланыс арқылы іске асырады. Байланыс-орталығының телефоны +7(727) 250-10-05, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 08.00-лен 20.00-ге дейін, сенбі күні сағат 08.00-ден 17.00-ге дейін және жексенбі күні сағат 09.00-ден 15.00-ге дейін істейді. Ерекше жағдайларда, жедел жәрдем алу қажеттілігін қоса алғанда, қызметтер Емделушіге алдын ала жазылусыз және/немесе белгіленген кезектен тыс көрсетіледі.

## 3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

### 3.1. Шартты орындаған кезде Медициналық Орталық құқықы:

3.1.1. Пациентке Қызмет көрсететін мамандарды өз еркімен белгілеуге, белгілі дәрі-дәрмектерді және материалдарды қолдануын белгілеуге, сондай-ақ өз қарауынша медициналық мамандарды тартуга, консультациялар кестесін, рәсімдерді және мамандардың жұмыс кестесін, сондай-ақ емдеу әдістемелерін белгілеуге, диагностикалық, профилактикалық және емдеу шараларын жүргізу қажеттілігін белгілеуге;

3.1.2. Пациенттен профилактикалық және емдеу шаралар жоспарын орындауды, Пациент ем қабылдайтын

бөлімшеде Ішкі тәртіп ережелерін орындауын, дәрілік препаратордың қабылдау режимін, тамақтану режимін және басқа нұсқамаларды орындауын талап етуге;

3.1.3. Пациенттің келісімімен қосымша медициналық тексерулерді және консультацияларды, диагностиканы, рәсімдерді, Пациенттің психофизикалық жай-күйін бағалауды тартылған мамандардың көмегімен, қажетті жағдайда - мамандандырылған мекемелерде жүргізуге;

3.1.4. өз білгенінше, бірақ Пациенттің пікірін есепке алумен, емдейтін дәрігерді ауыстыруын жүргізуге;

3.1.5. Пациенттің өміріне қауіп төндіретін шұғыл жағдайлар пайда болған жағдайда, өз еркімен Пациенттің келісімін алмай емдеу жоспарын, әдістерін өзгертуге, емдеу ұзактығын, диагнозды анықтау, тексеру және медициналық көмекті көрсету үшін қажетті зерттеулер, манипуляциялар, оталық араласу қолемін, Пациенттің денсаулық жайына сәйкес басқа бейіндегі бөлімшеге ауыстыру қажеттілігін белгілеуге;

3.1.6. Пациенттің келісімімен қосымша медициналық рәсімдерді, сауықтыру және профилактика шараларын жүргізуге;

3.1.7. Пациентте юлымшеде болуга қарсы көрсетімдер бар болған жағдайда, атап айтқанда:

(1) жіті немесе созылмалы қабыну немесе вирустық инфекциялар, асқыну кезеңіндегі психикалық аурулар, туберкулез немесе Пациентті емдеу үшін Пациенттен келісім алмай мамандандырылған емдеу мекемелеріне жедел орналастыруын талап ететін өзге де аурулар анықталған кезде,

(2) алдында анықталмаған немесе ұсынылған медициналық құжаттарда көрсетілмеген, немесе бөлімшеде болған уақытта байқалған қарсы көрсетімдер анықталған жағдайда,

(3) Пациентке әрі қарай қызметтерді көрсету мүмкіндігі болмаған жағдайда, сонымен қатар

(4) Пациент Шартта белгіленген мерзімде қызметтерге төлемеген кезде Қызметтерді көрсетуді Тараптармен келісілген мерзіміне дейін тоқтатып түруга немесе тоқтатуға;

3.1.8. Пациент Шарт бойынша міндеттемелерін орындаған кезде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын бір жақтан тоқтатуға немесе уақытша тоқтатуға;

3.1.9. Пациентке (оның өкіліне) емдеу барысында немесе одан кейін асқынудардың пайда болу мүмкіндігі туралы хабардар етуге, осы туралы Пациент медициналық араласуға ерікті мәлімделген келісімін беру бланкінде қол қояды;

3.1.10. емдеу нәтижелерін, емдеу барысы сипаттамасын және өзге ақпаратты мамандандырылған медициналық әдебиетте Пациентті сойкестендіруге жеткілікті деректерді көрсетпей жариялаган кезде мысал ретінде пайдалануға;

3.1.11. Пациенттің арнағы келісімін алмай Медициналық Орталықтың деректер корына оның дербес деректерін, сондай-ақ оның диагностикасы, қойылған диагнозы, жүргізілетін ем-шаралары және олардың нәтижелері туралы мәліметтерді енгізуге, көрсетілген деректерді қолданыстағы заңнамада қарастырылған мерзімдер ішінде сақтауға;

3.1.12. Пациент туралы алдағы тармақшада аталған мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңдарына сай осыған құқығы бар органдардың сұраулары бойынша беруге.

### **3.2. Медициналық Орталық міндеттенеді:**

3.2.1. Пациенттің осы Шарттың 4-тарауында белгіленген тәртіппен Қызметтер үшін ақша қарожаттарын енгізгеннен, және төлеуді растайтын құжаттарды бергеннен кейін, осы шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің уақытылы және сапалы көрсетуге;

3.2.2. Пациентті белгіленген тәртіппен Қызметтерді көрсететін орны, Медициналық Орталықтың жұмыс кестесі, құны көрсетілген ақылы Қызметтер тізбесі, оларды көрсету талаптары туралы мәліметтерді қамтитын ақпаратпен қамтамасыз етуге;

3.2.3. заңмен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында қолданылуға рұқсат берілген профилактика, диагностика, емдеу әдістерін, медициналық технологияларды, дәрілік заттарды, иммунобиологиялық препараторды және залалсыздандыратын заттарды пайдалануға;

3.2.4. Пациенттің медициналық құжаттамасын және медициналық картасын жүргізуге;

3.2.5. Пациентке жеткізілген емдеу нәтижесін сақтау үшін орындалуы қажет тағайындаламалар және ұсынымдар туралы ақпарат беруге;

3.2.6. осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау аясында Пациентке медициналық көмек көрсету үшін білікті медициналық қызметкерлердің қатысуын қамтамасыз етуге;

3.2.7. Пациентке көрсетілген Қызметтер түрлеріне, қолемдеріне, құнына, сондай-ақ Пациенттен түсстін ақша қарожатқа есеп жүргізуге;

3.2.8. Пациенттің көңіл күйіне және денсаулығына қатысты бүкіл ақпараттың құпиялышының (дәрігерлік құпияны) сақтауға.

### **3.3. Пациенттің құқығы бар:**

3.3.1. Медициналық Орталықтан лицензиялардың және сертификаттардың, тийсті сапада Қызметтердің бар болуы туралы мәліметтерді және көрсетілген қызметтердің құнын есептеу туралы мәліметтерді беруін талап етуге;

- 3.3.2. тағайындалған емдеу (оңалту) бағдарламасы туралы, көрсетілген Қызметтер туралы ақпаратты алуға;
- 3.3.3. емдеу басталғанға дейін көрсетілетін Қызметтердің бағаларымен танысуға;
- 3.3.4. Қызметтерді аудан бас тартуға (оларды көрсеткенге дейін) және Медициналық Орталыққа Қызметті көрсетуге дайындалуға байланысты тікелей шығындарды өтеумен төленген сомасын қайтарып алуға;
- 3.3.4. емдейтін дәрігерді таңдауга (оның келісімін есепке алушы);
- 3.3.5. медициналық араласуға хабардар етілген ерікті келісімін беруге. Пациенттің жай-куйі оған өз еркін көрсетуге мүмкіндік бермейтін, ал медициналық араласу шұғыл болатын жағдайда, оны Пациенттің мүддесінде жүргізу мәселесін оның өкілдерінің немесе жақын туыстарының (осындаллар бар болған кезде) келісімімен емдейтін дәрігер шешеді. Медициналық араласудан бас тарту ықтимал салдарын көрсетумен медициналық құжаттамадағы жазумен рәсімделеді және оған Пациент (оның өкілі, жақын туысы), сондай-ақ емдеуші дәрігер кол қояды;
- 3.3.6. Медициналық Орталықтың медициналық және қызмет көрсетуші қызметкерлері тарапынан құрметпен әрі адамгершілікпен қарауга;
- 3.3.7. оған қолжетімді нысанда өз денсаулығының жағдайы туралы ақпаратты, оның ішінде тексеру нәтижелері, аурудың бар болуы, оның диагнозы мен болжамы, емдеу әдістері, оларға байланысты қауіп-каторы, медициналық араласудың ықтимал нұсқалары, оларды салдары мен жүргізілген емдеу нәтижелері туралы мағліметтерді алуға;
- 3.3.8. өз денсаулық жайы туралы толық, шынайы және уақытылы ақпаратты беруге, бұл этикалық түсініктері бойынша орынсыз болатын немесе Пациенттің денсаулық жағдайына нашарлата алатын жағдайлардан басқа;
- 3.3.9. емдеуші дәрігер емдеу жоспарын және бағдарламасын жасаған кезде көрсетілетін Қызметтердің көлемі мен сапасы бойынша өз қалауларын айтуга;
- 3.3.10. ауруға және (немесе) медициналық араласуға байланысты ауырғанды қолжетімді тәсілдер мен құралдармен женілдетуге (басуға);
- 3.3.11. жазбаша түрінде мәлімдеме беріп қызметтерді аудан толығымен немесе ішінара бас тартуға;
- 3.3.12. медициналық араласуға ерікті хабардар келісімге кол қоюға;
- 3.3.13. құрделі жағдайларда консилиумды өткізуі немесе басқа мамандардың консультацияларын талап етуге;
- 3.3.14. осы Шартта айтылған немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында сипатталған жағдайларды қоспағанда медициналық комекті қызығынан, өз денсаулық жағдайы, жүргізілген емдеу туралы ақпараттың құпиялышының (дәрігерлік құпияның) сақталуын талап етуге;
- 3.3.15. оның денсаулық жағдайын көрсететін медициналық құжаттамамен тікелей танысуға, және осындағы құжаттаманың негізінде басқа мамандардан консультация алуға. Денсаулық жағдайы туралы ақпарат Пациентке емдеуші дәрігер немесе меддциналық тексеруге және емдеуге тікелей қатысып отырған басқа медициналық қызметкерлер жеке береді. Әрекет істейтін жасқа толмаған тұлғаларға және заңмен белгіленген тәртіппен әрекет істеге кабілеті жоқ деп танылған азаматтарға қатысты денсаулық жағдайы туралы ақпарат олардың заңды өкілдеріне беріледі. Денсаулық жағдайы туралы ақпараттың Пациентке оның еркіне қарсы берілуі мүмкін емес. Аурудың дамуында жағымсыз болжам болған жағдайда ақпарат шетін түрінде Пациентке немесе оның жұбайына, жақын туыстардың біреуіне (балаларына, ата-аналарына, асырып алынғандарға, асырып алғандарға, туган ағайындарына және апапы-сіңділдеріне, немерелеріне, аталарына, әжелеріне) берілуге тиіс, егер пациент оларға бұл туралы хабарлауға тыбым салмаса және (немесе) мұндай ақпарат берілуге тиіс болатын өзге тұлғаны белгілемесе.

#### **3.4. Пациент міндеттенеді:**

- 3.4.1. осы Шартқа және Медициналық Орталықтың ережелеріне сәйкес Қызметтерді уақытылы төлеуге;
- 3.4.2. көрсетілген Қызметтерге төлеуге шоттарды қабылдауға, Медициналық Орталықтан түскен барлық төлем құжаттарға өздігінен есеп жүргізуға;
- 3.4.3. осы шарттың талаптарын тиісті түрінде орындауға және Медициналық Орталықтың қызметкерлеріне Пациенттің осы шарттың талаптарын орындауға кедергі жасайтын кез келген жағдайлары туралы уақытылы ақпарат беруге;
- 3.4.4. осы Шарттың аясында Қызметтерді көрсететін мамандардың барлық медициналық нұсқамаларын, тағайындалмаларын, ұсынымдарын орындауға, Медициналық Орталықтың бөлімшелерінде Ішкі тәртіп ережелерін, емдеу-корғау режимін, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерін орындауға, денсаулық жағдайында кез келген өзгерістер болған жағдайда осы туралы емдеуші (кезекші) дәрігерге жедел түрде хабарлауға;
- 3.4.5. Медициналық Орталықтың Қызметтердің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ететін барлық талаптарын орындауға, оған қоса осынан қажетті мәліметтерді және нұсқамаларды хабарлауға;
- 3.4.6. емдеуші дәрігерге Медициналық Орталықтан тыс жүргізілген мамандардың алдын ала зерттеулері және консультациялары туралы деректерді беруге (олар бар болған кезде), сонымен қатар Пациенттің денсаулық жағдайын сипаттайтын бүкіл ақпаратты хабарлауға және құжаттарды беруге (ауырған аурулары туралы, аллергиялық реакцияларының және қарсы көрсетімдерінің болуы туралы, қызметтерді сапалы көрсету және Пациенттің денсаулығын зиянды салдардың келуін болдырмау үшін қажетті басқа ақпаратты жазбаша

түрінде хабарлауға);

Медициналық Орталық Пациент жоғарыда көрсетілген ақпаратты бермеген немесе Қызметтерді көрсетуге байланысты толық емес, дұрыс емес, жалған ақпаратты берген, сондай-ақ Қызметтерді көрсетуге әсер ете алатын басқа ақпаратты бермеген жағдайда кез келген жауапкершіліктен босатылады;

3.4.7. осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету тәртібімен және талаптарымен танысуға;

3.4.8. емдеуші дәрігердің консультациясын алмай осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өө бетімен емделуін іске асырмауга;

3.4.9. мүлікті бұзған немесе қандай да бір мүліктік зиян келтірген жағдайда Медициналық Орталықтың шығындарын толығымен өтеуге;

3.4.10. Қызмет көрсету жөнінде келген кезде жеке күлгін (паспортын) беруге және осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Медициналық Орталыққа жеке (паспорт) деректерінің өзгеруі туралы ақпарат беруге.

#### **4. ҚЫЗМЕТТЕР ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ**

4.1. Қызметтер құны қызметті көрсеткен сәтте қолданылатын, Медициналық Орталық бекіткен Прейскуранттың негізінде анықталады. Медициналық Орталық Қызметтер құнына Медициналық Орталықтың қызметтеріне берілетін жеңілдіктерді қолдануға құқылы.

4.2. Пациентті қарап тексергеннен кейін және (немесе) оған қатысты диагностикалық шараларды жүргізгеннен кейін Медициналық Орталық дербес емдеу (оналту) бағдарламасын және оның құнын ұсынады.

4.3. Егер басқасы Медициналық Орталық пен пациенттің арасында келісілмесе, осы Шартпен қарастырылған Қызметтер кешенін қамтамасыз ету үшін Пациент Медициналық орталықпен екі жақтың келісім бойынша мөлшерде алдын ала төлем салады.

4.4. Пациентке көрсетілетін негізгі және қосымша Қызметтердің тізбесі мен құны Қызмет көрсетілетін сәтте қолданылатын Медициналық Орталық бекіткен Прейскурантқа сай келісіледі. Медициналық Орталық Прейскурантқа өзгерістерді енгізіп оны өзгертуге құқылы, осы өзгерістер оларды бекіткеннен кейін және Прейскурантты Медициналық Орталықтың ақпарат тақтасында (Интернет-сайтында) орналастырғаннан кейін 10 (он) күн өткенде күшіне енеді.

4.5. Тараптар арасында есеп айырысулар Медициналық Орталықтың кассасына қолма-қол ақшаны теңгемен салу жолымен немесе қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша, Медициналық Орталықтың есеп шотына ақша қаражатты аудару жолымен (оның ішінде төлем карталарын пайдаланып) іске асырылады.

4.6. Банк қызметтерінің құнын Қызметтер үшін төленетін қаражаттарды Медициналық Орталықтың шотына банктер бөлімшелері арқылы аударған кезде пациент өздігінен төлейді.

4.7. Төлеу құні болып қолма-қол ақшаны Медициналық Орталықтың кассасына салған немесе Пациенттің төлем картасынан (банк шотынан) ақша қаражаттарын есептен шыгарған құні есептеледі.

4.8. Зерттеп тексеру және емдеу нәтижелері бойынша Прейскурантпен қарастырылмаған қосымша қызметтерді көрсету қажет болған кезде, Қызметтер құнын Медициналық Орталық жеке өзі, бір жақты тәртіппен, нақтыланған диагнозды және емдеуге жүмсалған қосымша шығындарды есепке алумен белгілеу мүмкін.

#### **5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

5.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау немесе тиісті орындау үшін Тараптар осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен жауапкершілік көтереді.

5.2. Медициналық Орталық пациент өздігінен сатып алған шығыс материалдарының және дәрілік препараттардың сапасы үшін және оларды пайдалану салдары үшін жауапкершілік көтермейді.

5.3. Медициналық Орталық Қазақстан Республикасы аумағында рұқсат етілген диагностика, профилактика және емдеу әдістеріне қойылатын талаптарды орындау үшін жауапкершілік көтереді.

5.4. Пациент ұсынылатын емдеуден, Медициналық Орталықтың мамандары тағайындаған қосымша зерттеулерден бас тартқан жағдайда Медициналық Орталық Пациентті әрі қарай емдеуден бір жақты тәртіппен бас тартуға құқылы және асқынулардың туындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

5.5. Медициналық Орталық Пациент Шарттың 3.4.6. т. сойкес өз деңсаулығы туралы толық емес ақпаратты берген жағдайда, немесе медициналық көрсетімдер туындаған жағдайларда, сондай-ақ осы Шарттың 3.4.1., 3.4.5. тармақшаларында немесе 6.6., 6.7. тармақтарында қарастырылған жағдайларда қызметтерді толық емес немесе осы Шартта қарастырылғаннан аз көлемінде көрсеткені үшін жауапкершілік көтермейді.

5.6. Медициналық Орталық мына жағдайларда жауапкершілік көтермейді:

(1) Пациентте ол және/немесе оның өкілі көрсетпеген, нәтижесінде Медициналық Орталықтың медициналық маманы емдеуді және басқа ем-шараларын тағайындаған кезде ескермеген аурулар анықталған жағдайда;

(2) Пациент Медициналық Орталықтың маманы тағайындаған режимді бұзған және міндетті іс-шараларды орындаған жағдайда;

(3) Пациентте аллергиялық реакциялар пайда болған және қолдануға рұқсат етілген препараттар мен материалдардың жеке көтере алмауы болған жағдайда;

(4) емдеу кезеңінде немесе ол аяқталғаннан кейін осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге байланысты емес, ал Пациенттің ағзасына медициналық препараттардың әсеріне тікелей байланысты ағза күйінің өзгерістері

анықталған немесе пайда болған жағдайда;

(5) Пациент нақты медициналық емдеу әдісін пайдалануында тұратын және жауапершілікті өзіне алуға келісім беретін, соны өзі қолымен растайтын жағдайда;

(6) Пациенттің бастамасы бойынша емдеуді тоқтатқан жағдайда.

6.7. Пациент бір мезгілде басқа медициналық немесе әлеуметтік мекемеде емдеу қабылдаған кезде, Медициналық Орталық Пациентке көрсетілетін қызметтер сапасы үшін, сондай-ақ оның физикалық және психикалық жай-күйі үшін жауапкершілік көтермейді.

6.8. Пациент Шарттың 4 және 5 Тарауында көрсетілген мерзімнің ішінде көрсетілген қызметтерді төлемеген кезде, сонымен қатар Шарттың (6) тармағының 6.6 тармақшасында қарастырылған жағдайда, Медициналық Орталық төленген аванс қалдығын пайда болған берешекті, немесе есептелген айыппұлды (айыпақыны) өтөу есебінен есептен шыгаруга құқылы.

6.9. Аванстық төлем сомаларының көрсетілген Қызметтерді төлеуге жетіспеушілігі жағдайында Медициналық Орталық Пациенттегі жетпейтін бөлікті төлеуін, есептелген айыппұлды, айыпақыны сот тәртібімен ондіріп алуын талап етуге құқылы.

6.10. Пациент осы Шарттың 4 және 5 тарауларында қарастырылған төлеу шарттарын бұзған жағдайда, Пациент Медициналық Орталыққа берекше сомасынан әр мерзімі өткен күніне 0,1% мөлшерінде айыппұл төлейді. Пациентке айыппұл санкцияларын қолдану оны осы Шартта қарастырылған міндеттерін орындаудан, оның ішінде көрсетілген Қызметтерді төлеуден, босатпайды.

6.11. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындау немесе тиісті орындау үшін жауапкершіліктен босатылады, егер осы орындау өндөрілмейтін күштің немесе осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына кедерігі жасайтын басқа форс-мажор жағдайларының салдары болыа табылса (табиги апаттар, індеттер, әскери әрекеттер, ереуілдер, құзыретті органдардың шешімдерді қабылдауды және т.б.). Бұл ретте Пациент Медициналық Орталыққа осы Шарт бойынша нақты шеккен шығындарын және көрсетілген Қызметтерді төлейді.

6.12. 6.11. тармағында көрсетілген жағдайлар болған кезде осы жағдайларга тап болған Тарап басқа Тарапты бірден хабардар етуге тиіс. Кері жағдайда ол Шарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатылмайды.

## 6. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

6.1. Тараптар осы Шартты орындаған кезде алынған ақпаратқа қатысты құпиялыштық режимін сақту бойынша оздеріне өзара міндеттемелерді алады.

6.2. Медициналық Орталық Пациенттің медициналық көмек сұрау фактісі, оның денсаулық жағдайы, оның ауруының диагнозы туралы ақпаратты және оны зерттеген және емдеген кезде алынған өзге де мәліметтерді (дәрігерлік құпияны) құпия етіп сақтауга міндеттенеді.

6.3. Пациенттің немесе оның заңды өкілінің жазбаша келісімін дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді басқа азаматтарға, оның ішінде лауазымды тұлғаларға, пациентті медициналық зерттеу және емдеу, ғылыми зерттеулерді жүргізу, оларды ғылыми басылымдарда жариялау, оқу процесінде пайдалану мақсатында және өзге де заңға қайшы емес мақсаттарда жариялауга жол беріледі.

6.4. Дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді Пациенттің немесе оның заңды өкілінің келісіміз беруге Қазақстан Республикасы заңдары белгілеген жағдайларда жол беріледі.

## 7. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

7.1. Осы Шарттың аясында Медициналық Орталық Пациенттің тегін немесе жеңілдікті дәрі-дәрмектермен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және науқастарға күтім жасау заттарымен қамтамасыз етпейді.

7.2. Медициналық Орталықтың Қызметтеріне төлеу мұндай Қызметті көрсеткен күні қолданылатын Прейскурант бойынша іске асырылады.

7.3. Пациент оның Қазақстан Республикасы заңнамасы қарастырған медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (МККК) шенберінде мемлекеттік және өзге де емдеу мекемелерінде тегін медициналық көмекті, сондай-ақ міндетті медициналық сақтандыру бағдарламалары қарастырған медициналық көмекті алу тәртібі және мүмкіндігі туралы хабардар болғанын растайды. Пациент Медициналық Орталықта медициналық көмекті (медициналық қызметтерді) тек ақылы негізінде алуға келіседі.

7.4. Пациентке Қызметтерді көрсеткен кезде Медициналық Орталық, әдеттегідей, тек өзінің дәрілік заттарын, шығыс медициналық материалдарын, науқастарға күтім жасау құралдарын және т.б. пайдаланады. Дәрілік заттардың, шығыс медициналық материалдардың, науқастарға күтім жасау құралдарының және т.б. құны көрсетілген Қызметтерге төлеуге берілетін шотқа косылады және Пациенттегі Шарттың 4 және 5 тарауларында қарастырылған тәртіппен және шарттармен толенеді.

## 9. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

9.1. Осы Шарт Медициналық Орталықтың және Пациенттің арасында 3 (үш) жылға жасалады.

9.2. Осы Шарт келісім түрінде рәсімделген және Медициналық Орталық пен Пациент қол қойған Тараптардың екіжақты келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылу мүмкін. Мерзімі аяқталған немесе Шарттың мерзімінен бұрын жойған жағдайда есеп айырысулар нақты көрсетілген Қызметтер үшін Шарттың қолданылуы

тоқтатылған күніндегі жағдайы бойынша жүргізіледі.

9.3. Осы Шартты Пациент бір жақтан бұза алады, бұл ретте ол оның Медициналық Орталықты осы ниеті туралы болжалды бұзатын күніне дейін 10 (он) күн қалғанда жазбаша мәлімдеме беруі шарт. Бұл ретте Пациент Медициналық Орталыққа нақты шеккен шығындарын және көрсетілген Қызметтеріне төлеуге тиіс.

9.4. Медициналық Орталық Шартты біржакты тәртіппенкелесі жағдайларда бұза алады:

(1) Пациент Стационар (оңалту) бөлімшесінде жату ережелерін орындаған жағдайда;

(2) Пациенттің Медициналық Орталықта болуга қарсы көрсетімдер болған жағдайда, оның ішінде Шарттың 3.1.7. тармағында көрсетілген себептер бойынша;

(3) қызметтерге Шарт белгілеген мерзімде ішінара немесе толық емес төлеген кезде;

(4) Медициналық Орталықтың Пациенттің кесірінен пайда болған, немесе Медициналық Орталықтың лицензиясын тоқтата туру (қайтарып алу) себебінен, немесе Медициналық Орталыққа байланысты емес себептерден осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі болмаган жағдайда;

(5) Пациент Шарт бойынша өзіне алған өзге міндеттемелерін бұзған жағдайда.

Бұл ретте Қызметтерге төлем ретінде салынған қаражаттарды қайтару Шарттың 9.2. тармағында көзделген тәртіппен және шартпен жүргізіледі.

9.5. Шарттың бұзылуы Пациентті осы Шарт бойынша қызметтерге төлеуден, сондай-ақ қарастырылған айыппұлдар мен айыпақыны төлеуден босатпайды. Кері жағдайда Медициналық Орталық Шарт бойынша берешекті, айыппұлды және айыпақыны сот тәртібімен өндіріп алуды талап етуге құқылы.

## 10. ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР

10.1. Осы Шарт Пациент қосылу туралы мәлімдемеге қол қойған күннен бастап жасалған болып есептеледі және осы сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде қолданылады.

10.2. Тараптардың ешқайсысы осы Шарт бойынша өз құқықтарын екінші Тараптың жазбаша келісіміз үшінші тұлғага талсыруға құқылы емес.

10.3. Осы Шартпен реттелмеген қалған барлығы Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.

10.4. Жүргілген зерттеулерге, мамандардың консультацияларына, емдеуге және т.б. наразылықтар болған кезде (Пациенттің пікірі бойынша) Пациент дәл сол күні осы факті туралы емдеуші дәрігерге және/немесе болімше менгерушісіне хабарлауға міндетті. Осы Шарт бойынша Тараптар арасында пайда болған барлық даулар мен наразылықтар Тараптар арасында келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі. Дауды келіссөздер жолымен реттеу мүмкін болмаган жағдайда дауа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Медициналық Орталықтың орналасқан жері бойынша сотта шешілуге жатады.

10.5. Осы Шартқа қосыла отырып, Пациент Медициналық Орталықтың сапаны бақылау мақсатында Қызметтерді көрсеткен уақытта суретке түсіруді, бейнеттүсіруді және рентген рәсімдерін әске асқыруына өзі келісімін береді. Бұл ретте Медициналық Орталық Қазақстан Республикасының 2013 жылдың 21 мамырындағы № 94- V "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес Пациенттің құпиялышының және оны коргалуына кепілдік береді.

10.6. Осы Шартқа қосыла отырып, Пациент "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" ҚР Заңына сәйкес Медициналық Орталықтың өз дербес деректерін жинауына, жүйелендіруіне, жинақтауына, сактауына және өндеуіне, оның ішінде автоматтандырылған, сондай-ақ Пациентке Медициналық Орталықтың қызметтері туралы телефондық, пошталық байланыс, электрондық пошта және интернет-мессенджерлер арқылы ақпарат беруге келісімін береді.

ЖШС "OnClinic International vostok"

Пациент

СТН 181600242229

\_\_\_\_\_

БСН 051240004279

\_\_\_\_\_

Занды мекенжай: Усть-Каменогорск, наб.Славского 64\1

Директор \_\_\_\_\_